

Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 145 "Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2014 жылғы 7 тамыздағы № 195 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 тамызда № 4015 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 11.04.2016 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2016 бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы №145 "Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3757 тіркелген, 2014 жылы 31 қаңтарда "Темір" газетінің № 6 жарияланған) шешіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

8-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

3) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жұқтырған және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауратын науқастарға емделу мерзімі уақытында (жылдың алты айына дейінгі шекте) денсаулық сақтау мекемелерінің тізімдері бойынша 10 (он) айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Б.ДӘНДІБАЕВ*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Н.ӨТЕПОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК